

## **Жосалы ауылы**

Жосалы - ауданымыздағы Жосалы ауылдық округінің атауы. Бұл атау өңірде түрлі- түсті топырақ – жосаның көп кездесуіне байланысты пайда болған. Жосалыда қайрақтас, қойтас, түрлі-түсті жоса, балшықтың 11 түрі, құрылыс құмдары, қиыршық құм секілді жергілікті халыққа қажетті, құрылысқа жарамды минералды шикізаттар көптеп кездеседі. Сонымен қатар Жосалы өңірі бұлақ көздерімен белгілі. Олардың саны 200-ден асады. Алайда қазір көбінің көзі бітеулі, оны білетін адамдар да жылдан жылға азайып бара жатыр.